Бірлестік отырысында қаралды:
Бірлестік жетекшісі:
Н.Т.Елтаев
Хаттама №1
«27» тамыз 2027 ж.

Келісемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А.Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

К Ү Н Т І З Б Е Л І К Т А Қ Ы Р Ы П Т Ы Қ Ж О С П А Р

Пәні: Конституция негіздері

Сыныбы: 5 «A,B,C,D,E,H,K,L

Мұғалімі: Ә.Н. Отар

Сағат саны: 8,5

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

2026-2027 оқу жылы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР ОАМ 2025 жылғы 12 қаңтардағы №12 өзгертулермен) сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).

2.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған «Конституция негіздері» курсының бағдарламасы білім алушыларды Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерімен таныстыру, құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетін және оны күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

3.Бағдарламаны әзірлеуде мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарлары, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауының негізгі идеялары басшылыққа алынды.

4.Бағдарлама мазмұны 5-7-сынып білім алушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, практикаға бағытталған оқыту қағидаттары негізінде жүйелі түрде құрылып, функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды және құқықтық білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

5 Курстың мақсаты: білім алушыларда базалық құқықтық білімді, Қазақстан Республикасы Конституциясына құрметпен қарауды, құқықтық мәдениет пен жауапкершілікке негізделген азаматтық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

6. Курстың міндеттері:

1) білім алушыларға Конституция, адам құқықтары мен міндеттері туралы базалық білім беру, заң мен тәртіп қағидаттары туралы түсінік қалыптастыру;

2) өмірлік жағдайларға талдау жасай алу дағдыларын қалыптастыру және Конституция нормаларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;

3) заңды құрметтеу, заң нормаларын орындау, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу.

4) Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін зерделеуде цифрлық ресурстарды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын құқықтық мәдениетті сақтау, этикалық құндылықтарды қастерлеу арқылы сыни тұрғыдан қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың тең дәрежеде білім алуына қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

6) Курстың мазмұны білім алушылардың бойында «Адал азамат» құндылықтарын («Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ», «Әділдік және Жауапкершілік», «Заң мен Тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық») қалыптастыруға және мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын

сақтау, еңбексүйгіштік пен прогреске ұмтылуды дәріптеу, білім мен ғылымды дамыту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениетті қолдау қағидаттарын іске асыруға бағытталды.

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР
КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ
аптасына 0,25 сағат, жылына 9 сағат

5-сынып:

№	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Практикалық тапсырма	Сағат саны	Күні
1-тоқсан					
1	Конституция дегеніміз не?	Конституцияның мемлекеттің негізгі заңы ретіндегі ерекшеліктерін түсіндіру	«Білім қоржыны» әдісі: сынып топтарға бөлінеді, әр топ ережелер жиынтығын алады, ішінен ең маңызды бес ережені таңдап, постерге жапсырады және өз тарапынан екі ережемен толықтыру	1	14.09.2026 (5A) 02.09.2026 (5B) 09.09.2026 (5C) 07.09.2026 (5D) 01.09.2026 (5E) 08.09.2026 (5H) 04.09.2026 (5K) 11.09.2026 (5L)
2	Мемлекеттік рәміздерге қалай құрмет көрсетеміз?	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану тәртібін түсіндіру	Пазлдарды құрастырып, рәміздердің мағынасын түсіндіру	1	28.09.2026 (5A) 16.09.2026 (5B) 23.09.2026 (5C) 21.09.2026 (5D) 15.09.2026 (5E) 22.09.2026 (5H) 18.09.2026 (5K) 25.09.2026 (5L)
3	Конституцияда кепілдік берілген жеке құқықтарым қандай?	Конституция мен заңнамада кепілдік берілген баланың жеке құқықтарына мысалдар келтіру	Қолжетімді цифрлық құралдарды (мысалы, графикалық редакторларды немесе кескін генераторларын) пайдалана отырып, «Менің жеке құқықтарым» тақырыбында постер жасау	1	12.10.2026 (5A) 30.09.2026 (5B) 07.10.2026 (5C) 05.10.2026 (5D) 29.09.2026 (5E) 06.10.2026 (5H) 02.10.2026 (5K) 09.10.2026 (5L)

4	Мен - білім алу құқығымды қалай жүзеге асырамын?	Білім алушының білім алу құқығын нақты өмірлік жағдаяттар (мысалдар) негізінде түсіндіру	Тақырыпқа сәйкес кейстерді оқиды, жұпта талқылайды және жағдаяттың Конституцияға сәйкес шешімін ұсыну	1	14.10.2026 (5B) 21.10.2026 (5C) 19.10.2026 (5D) 13.10.2026 (5E) 20.10.2026 (5H) 16.10.2026 (5K) 23.10.2026 (5L)
2-тоқсан					
5	Мемлекетті кім басқарады?	Қазақстан Республикасының негізгі билік органдарын анықтау, қысқаша сипаттама беру	Қазақстан Республикасының негізгі билік органдарының сызбасын, инфографика толтыру	1	02.11.2026 (5A) 04.11.2026 (5B) 11.11.2026 (5C) 09.11.2026 (5D) 03.11.2026 (5E) 10.11.2026 (5H) 06.11.2026 (5K) 13.11.2026 (5L)
6	Әділ сот қалай жүзеге асады?	Қазақстан Республикасының сот органдарын атап, оларға қысқаша сипаттама беру	Сот процесі туралы бейнероликті көріп, жұмыс парағын толтыру және сот отырысына қатысушыларды анықтау	1	16.11.2026 (5A) 18.11.2026 (5B) 25.11.2026 (5C) 23.11.2026 (5D) 17.11.2026 (5E) 24.11.2026 (5H) 20.11.2026 (5K) 27.11.2026 (5L)
7	Менің мектептегі құқықтарым мен міндеттерім қандай?	мектептегі өз құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттық материал әзірлеу	«Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбына (цифрлық құралдарды қолданып) комикс құрастыру	1	30.11.2026 (5A) 02.12.2026 (5B) 09.12.2026 (5C) 07.12.2026 (5D) 01.12.2026 (5E) 08.12.2026 (5H) 04.12.2026 (5K) 11.12.2026 (5L)

8	Мен табиғатты сақтауға қалай көмектесе аламын?	адам әрекетінің табиғатқа әсерін анықтау; күнделікті өмірде экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну	«Табиғатты қорғаудың 10 қарапайым ережесі» (суреттерді немесе фотосуреттерді пайдаланып) жадынама құрастыру	1	14.12.2026 (5A) 23.12.2026 (5C) 21.12.2026 (5D) 15.12.2026 (5E) 22.12.2026 (5H) 18.12.2026 (5K) 25.12.2026 (5L)
9	Қорытынды викторина «Конституция білгірлері»	Базалық түсінікті көрсету: құқықтар мен міндеттерді атау, рәміздерді тану, Конституцияның маңызын түсіндіру	Қолжетімді цифрлық платформаларды пайдалана отырып, командалық викториналарға қатысу	1	